

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2017



Болашақ бүгіннен басталады...

Алматы 2017



Дана Жарықова
Ержан Тәтішев
Қорының Президенті

[Құрметті достар және серіктестер! Назарларыңызға Ержан Тәтішев Қорының 2017 жылы атқарған қызметі жайындағы есепті ұсынуға рұқсат етіңіздер. Биыл Қорымыздың өміріндегі елеулі оқиғалар мен маңызды өзгерістер болды. Қор жұмысының өзегі, оның басты бағдарламалары жарық көргелі он жыл уақыт өтті. Осы мерзім ішінде біздер өзімізді түрлі бағыттарда сынап көрдік, дегенмен стратегиямыздың негізі болашақ көшбасшылардың тәрбиесі болып қала бермек.

Бүгінгі күні елді «Көшбасшының қалыптасуына не ықпал етеді?» деген сауал мазалайтыны мәлім. Ол адамға туа біткен қасиет пе, әлде оның тегі ме, оны қоршаған ортасы ма, я сыртқы жағдайлардың әсері ме, адамның өмір тәжірибесі әлде жұлдыздардың сәтті орналасуы ма? Ғалымдар бұл сұрақтың жауабын әлі таба қоймаған сияқты. Бұның сыры көшбасшылық – әр адамға дарыған, туа біткен қасиет, алайда оның кемеліне жету әркімнің қолынан келе бермейді. Көшбасшылық әрдайым дәстүрлі емес шешімдер қабылдауды, жеңіс пен жеңілісті мойындауды талап етеді, таптауындардан айрылып, қорқыныштар мен жаман әдеттерді жеңуге ықпал етеді.

Осындай іштей күрес адамның үйреншікті арнадан тыс шығып, жаңаша өмірге бет бұруына әкеледі. Бойындағы жаңа қырларын ашуға, ішкі мотивацияның күшеюіне және өзінің қайта жаңарған бейнеңді қалыптастыруға мүмкіндік беретін қиын асу. Біздің Қорымыздың міндеті – көшбасшы атануға лайықты жастарды заман талабына сай деуге келерлік нағыз көшбасшылардың алдыңғы қатарына қосу. Көшбасшы қабілеті бар жанды анықтау өзеннен алтын сүзумен тең. Қорымыздың өз жұмысын атқарған уақыт ішінде қолданып келе жатқан өзіндік әдіс-тәсілдері, адамдардың әлеуетін анықтауда жинақтаған ұзақ мерзімді тәжірибесі, сенімді серіктестері бар. Қор өз жұмысында қолданатын әдіс-тәсілдерді жақсартуға тырысуда, осы орайда біз Ержан Тәтішев Қорының Білім гранттары бағдарламасының жаңартылуы сапалы өзгерістер қатарына жатқызамыз. Бүгінгі күнгі Бағдарламаның негізі – оның бес тірегі, жас кәсіпкерлер мен көшбасшылар үшін қолайлы жағдай жасап отыр.

Жыл сайын Қор қауымдастығы қатарына адам қосылып, саны да, сапасы да өсуде. Қор білімгерлері мен түлектері жетік ойымен, үлкен мақсаттарға ұмтылысымен, қырағылығымен және тапқырлығымен ерекшеленеді. Олар өз университеттері және колледждерінің іс-шараларына белсене ат салысып, кең ауқымды қайырымдылық акцияларды өткізеді, еріктілік қызметпен айналыса отырып, спортқа көңіл бөледі. Олардың әрқайсысы ерекше бір тұлға, ал бәріміз бірге тату отбасын құрамыз.

Даосизмнің негізін қалаушылардың бірі, ежелгі қытай философы Лао-Цзы: «Мың қадамдық сапар бірінші қадамнан басталады» деп айтқан еді. Осы сапарда Қордың сенімді әріптестер мен достар тапқанына қуаныштымын. Қордың негізін қалаушыларға, Қамқоршы Кеңесінің Төрайымы, Еркін Нұрелдәйымұлы Тәтішевке Қор бағдарламаларын жүзеге асыруға қосқан үлесі үшін және адамдарға көмектесуге деген шынайы ықыласы үшін алғысымды білдіргім келеді. Жаңа жылда барлықтарыңыздың жаңа табыстарға, оң өзгерістерге кенелулеріңізге тілектеспін!]

ҚОР БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Ержан Тәтішев Қоры – 2005 жылы құрылған қайырымдылық коммерциялық емес ұйым. Қайырымдылық секторында атқарған он екі жылдық жұмысы барысында Қор оннан астам әлеуметтік жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асырды, олардың үшеуі Қордың қазіргі қызметінің негізгі бағыттары болып табылады. 2007 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Қор өз бағдарламаларын жүзеге асыруда, соның арқасында 109 талантты жас Қазақстандағы үздік университеттер мен колледждерде оқуға мүмкіндік алды. Бүгінгі күні Қор дайындаған қаржы, экономика, білім, медицина, ақпараттық технологиялар және филология бойынша 64 маман дайындады.

Мектеп, колледж және балалар үйінің түлектеріне арналған білім гранттары бағдарламасы Қор бағдарламаларының ішіндегі ең ірісі болып табылады. 2007 жылдан бастап 2016 жылға дейінгі уақытта бағдарлама шеңберінде қаржы, экономика және банк ісі саласында білім алуға гранттар беріліп келді. Бағдарлама аясында 54 грант тағайындалды, 36 білімгер Алматы Менеджмент Университеті (бұрынғы Халықаралық бизнес академиясы), Қазақ–Британ техникалық университеті, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ университеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, КИМЭП Университеті, Сүлейман Демирель атындағы университеті және Халықаралық бизнес университеті сияқты оқу орындарын тәмамдады. 2017 жылдан бастап Бағдарлама Алматы Менеджмент университетінде «тәжірибе негізінде оқыту» әдісіне негізделген кәсіпкерлік курсына ұсынады.

Мүмкіндігі шектеулі жастарға арналған білім гранттары бағдарламасы арнайы мектеп түлектерінің қызығушылығын ескере отырып, қажетті мамандықты игеруге жағдай жасайды. Бағдарлама жүзеге асырылған кезден, 2008 жылдан бастап 41 грант алушы өздері таңдаған қазақстандық арнайы-орта оқу орнында оқуға мүмкіндік алды, олардың 28-і дипломдармен марапатталды.

Жеке шәкіртақы бағдарламасы да Қордың алғашқы іс-шараларының бірі болып табылады. Бағдарлама Ержан Нұрелдайымұлы Тәтішевтің туып өскен Оңтүстік Қазақстан облысы, Кентау қаласындағы №16 мектеп-лицейінде жүзеге асырылуда. Оқуда және қоғамдық өмірде жақсы нәтижелер көрсеткен жоғарғы сынып оқушылары Бағдарлама байқауына ат салысып, өздерінің шағын әлеуметтік жобаларын жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Қордың бұл бастамасы мектеп жасындағы балалардың көшбасшылық қабілетін анықтауға бағытталған. 10 жыл ішінде 84 белсенді Ержан Тәтішевтің жеке шәкіртақысына ие болды.



193
грант пен
шәкіртақы
берілді



469 230 206,04
теңге Қор
бағдарламаларына
жұмсалды



80%
түлек жұмыс
орнын тапты



2
түлек жеке
бизнес ашты



1
грант Түлектер
Клубымен
тағайындалды



354
еріктілік жобасы
жүзеге асырылды



29
Түлек Қазақстан,
Түркия,
Ұлыбритания,
Ресей, Италия,
Голландиядағы
компанияларда
жұмыс істейді



18
Білімгер алмасу
бағдарламалары
бойынша
шетелде оқыды



Бес Тірек бағдарламасы байқауының 2-кезеңіне қатынасқан жастарды марапаттау



2017 жылғы түлектерді марапаттау рәсімі


Қазіргі таңда бес тірек бағдарламасының студенттері «менеджмент» мамандығын меңгеруде, бизнес жүргізудің құпияларын үйренуде және өздерінің бизнес-жобаларын дайындап жатыр.

Мүмкіндігі шектеулі жастарға арналған білім гранттары бағдарламасы – арнайы мектептердің түлектері үшін 2008 жылдан бастап жүзеге асырылып отырған бастама. Бағдарламаға іріктеу жүргізгенде қолданылатын басты критерийлер қатарында – үміткердің белсенді өмірлік ұстанымы және жаңа мамандықты меңгеруге деген ынтасы. Бағдарламаның бенефициарлары – тірек-қозғалыс, көру және есту қабілеті шектеулі жастар. 2017 жылы 2 білімгер колледж тәмамдап, арнайы мектептің 3 түлегі Республикалық жоғары медициналық колледжіне, Халықаралық Бизнес Академиясының колледжіне, Тұран колледжіне гранттар алды. Қазіргі кезде Қор «стоматология», «ортопедиялық стоматология», «қазақ тілі мұғалімі», «компьютерлік технологиялар», «тамақтану технологиясын ұйымдастыру», «менеджмент» және «заңтану» сияқты мамандықтарды игеріп отырған 8 жасөспірімге қолдау көрсетіп отыр.

Бағдараманың серіктес оқу орындары



Оқу үлгірімі



Қор гранттары айрықша зияткерлік және моральдық қасиеттері бар жастарға тағайындалады. Білімгерлердің оқу үлгерімі мен әлеуметтік белсенділіктеріне қойылатын талап жоғары. Барлық білімгерлер оқу үлгерімін жоғары деңгейде ұстауға, университетаралық сайыстарға, жалпықалалық іс-шараларға және өз оқу орындарында өтетін жобаларға ат салысып, белсенді жастар қатарында көзге түсіп отырады.



Студенттер арасында өтетін MizEnergy 2017 әншілер мен ақындар фестивалінің мәресі



«Жас Кәсіпкер» жаздық мектебі
«Арман Дала» жаздық лагері, 25.08.2017 - 03.09.2017


ТҮЛЕКТЕРДЕН АМАНАТ



Айсұлу Ениеева
СДУ 2017 жыл түлегі

[Колледждегі оқуымды тәмамдауға да аз қалған еді. Осы күнге дейін болашақ мамандығым жайлы нақты жостпар құрмаған едім, ендігі сәтте қандай салаға баратынымды шешетін кез келгендігін түсіндім. Көптеген абитуриенттер секілді, менің ойым қалаған мамандығымда емес, грант алу мүмкіндігі қай салада басымдырақ болатындығында еді. Сол кезде техникалық мамандықтарға гранттар көп бөлінді, мен математикалық қабілетке ие болғандықтан, осы артықшылықты пайдалануды шештім. Әрине, бұл менің экономикаға деген қызығушылығымға қарама-қайшы еді, бірақ бұл жоғары білім алудың бірден-бір жолы еді. Алайда бағыма колледжіміздің түлегі, сол уақытта Ержан Тәтішев Қорының қолдауымен университетте оқып жүрген Нұржан Күлшебаев деген жігіт осындай Қордың бар екендігі туралы айтып, мені шабыттандырды. Сол уақытта мен грантқа ие боламын деп ойламаған едім, бірақ анам таңдауымды толықтай мақұлдап, менің іріктеудің екінші айналымына өтуіме және көшбасшылық қасиеттерімді көрсетуге жігерлендірді. Өз қалауыммен таңдаған мамандықта дәріс алу маған бұйырған-ау! Мен кешенді тестілеу уақытынан екі апта бұрын грантқа ие болғаным туралы білдім. Нақтырақ айтқанда, байқау нәтижелері поштамен жіберіліп, Қор сайтында әлдеқайда ертерек жүктелген еді, алайда сол уақытта мен компьютер мен Интернеттен хабарым аз болғандықтан, қуанышты хабарды Қордың бағдарлама үйлестірушісі, Әлия Сланова жеткізді. Осы сәттерді есіме түсірсем, сол кезде өзімнің шағын қаладан келген қарапайым жасөспірім болғанымды және осы уақытқа дейін қандай белестерге жеткенім жайлы ойланамын. Сүлейман Демирел атындағы университеттің «қаржы» мамандығын аяқтағаннан кейін, мен Назарбаев Университетінің грантына ие болып, «білім берудегі көшбасшылық» факультетіне түстім. Осы мамандықты таңдаған себебім – сырттан қарап қана қоймай, Қазақстанның білім беру саласына өзекті өзгерістер енгізу және ғылымға үлесімді қосып, тарих беттеріне өз атымды жаңғыртуда. Мен өзімнің педагогикалық мансабымды өзім тәмамдаған университетімде бастадым, ал болашақта философия ғылымдарының докторы болуды жоспарлаймын. Ақырында өзімді тарихта еш болмаған жас ұрпақты ұлы шыңдарды бағындыруға дайындайтын инновациялық білім беру мекемесінің негізін қалаушы ретінде көремін. Соңғы бірнеше жыл нәтижесін қорытындылай келе, мені әрдайым сәттілік серік еткеніне таң қаламын, мен өмірімде осындай Ержан Тәтішев Қоры деп аталатын үлкен отбасының бір мүшесі болғанымға ризамын. Қор бізге әрдайым қолдау көрсетіп, ынталандырады, әрбір ілгері жасаған адымымызға күә болып, сүрінген сәттерде дұрыс бағдар береді. Сіздерге айтар алғысым шексіз!]

[Осыдан бес жылдай бұрын, 2013 жылдың сәуірінде мен Алматыдағы барлық университеттер жайлы мәлімет жинай бастадым, нақты айтсам, КИМЭП Университетіне қызыққан едім. Дәл сол университетте мен Ержан Тәтішев Қоры туралы алғаш рет естідім. Қор жайлы ақпаратты берген адамның есімі Гауһар екені ғана есімде қалыпты. Гауһар, қайда жүрсеңіз де, аман болыңыз, рахмет Сізге! Құжаттарды жинау барысында биылғы жылы Қор өтінімдерді қабылдау мерзімін ұзартқанын біліп, қатты қуандым. Бастапқыда мен «Алтын белгіге» үміткер болғандықтан, мемлекеттік грантқа сенім арттым. Өкінішке орай, арнайы аттестатқа ие болу үшін маған бір ұпай жетпей қалды. Алайда, мамыр айының соңында байқаудың екінші айналыма өткенім жайлы білдім. Бұны естігенде, қуанышым шексіз еді, өйткені бұл мен үшін Алматыдағы үздік оқу орындарының біріне грант алуым әбден мүмкін екенін білдірді. Бесінші сынып оқып жүрген кезімде мен өз ата-анамның мойнына жүк аспаймын деп уәде берген едім. Отбасым ер адам берген сөзден таймау керек деп тәрбиеледі, оның есесіне отбасымдағы қаржылық жағдайдың мәз емес екендігі айдан анық еді. «Қоянды қамыс, жігітті намыс өлтіреді» демекші, шешуші мәреге жету үшін күш салуға бел будым. Сол сәттен бастап дайындыққа кірістім, ал өткен жыл байқауының жеңімпазы, Мұхтар Лекеровтің берген ақыл кеңесі маған қосымша демеу болды. Іріктеу форматы жыл сайын өзгертіліп отырса да, ол екінші айналымда менен нендей нәтиже талап етілетіні жайлы жалпы мәлімет алуға және өзімді іштей қайрауға ықпалын тигізді. Жүздескен қарсыластарым мықты болса да, мен күш сынасуға даяр едім. Мені екінші айналым кезінде ең бір толғандырған сәт қатысушыларының жасырын дауыс беру нәтижелері бойынша ең белсенді және көзге түскен қатысушылардың қатарына таңдалғаным еді. Арада бірнеше апта өткен соң байқауға қатысқан досымнан Қордан хабар алғандығын естідім. Сол мезетте поштамды ашуға асығып, дереу компьютерге ұшып бардым. Хаттың алғашқы сөйлемін оқи сала, қол-аяғым дірілдеп, езуім жиылмады. Хат маған Алматыдағы беделді оқу орындарының бірі, Халықаралық Бизнес Академиясында (қазіргі Алматы Менеджмент Университеті) оқуға грант берілгені жайында хабардар етті. Бұдан кейін түрлі оқиғаларға толы ұмытылмас студенттік өмір, KazPetrolGroup-та өткен теңдесі жоқ тәжірибе, Францияда білім алмасу бағдарламасы бойынша білім алу және бір кездері ұстатпайтындай көрінген белестер мен жетістіктер алдымнан шықты. Төрт жылдық оқуды тәмамдаған соң, Ержан Тәтішев Қоры маған үлкен өмірге жолдама беріп, керемет университеттен бастау алған жолымды ашып, болашағымды құруға мүмкіндік бергенін түсініп отырмын. Әркімге беріле бермейтін баға жетпес мүмкіндік үшін Қорға алғыс айтамын. Қазірдің өзінде менің түйіндемемде KazPetrolGroup, TengriDostyk, ЖШС МФО «КМФ», JTI Kazakhstan сияқты үлкен компаниялардың тізімі бар. Соңғы ұйымда сауда маркасын дамыту маманы ретінде жұмыс істеймін, ал жақын арада өзімді халықаралық деңгейдегі кәсіпқой маман ретінде көремін. Армандардың орындалатыны рас, болашақта үлкен табысқа жететініме сенімім нық!]



Нұрлыбек Мұсатаев
АлмаУ 2017 жыл түлегі



Айдана Байгутанова
КИМЭП 2017 жыл түлегі

[Ата-анам мені Ұлттық Бірыңғай Тестілеуге физика пәнін таңда деп ұзақ уақыт көндіріп келді, ал мен болсам бұған тапжылмай қарсыластым. Олардың физика пәні еліміздің ең үздік техникалық жоғары оқу орындарында грант алуға және кәсіби маман ретінде қалыптасуға көметесетін сенімді жол деп үміт артқандарын түсінуге болады. Дегенмен жаным қаржы-экономика саласын сүйгендіктен, географияны таңдауы бел будым. «Алтын белгі» үміткері мен мектептегі белсенділер қатарында болғанымды ескерсек те, география пәнімен грант жоқтың қасы. Алайда мен өз шешімімнен қайтар ойым жоқ еді – әртүрлі мүмкіндіктерді іздестірдім. : Достарыммен қосылып КИМЭП университетінің жыл сайын қаламызда өткізетін көктемгі ашық есік күндеріне барып, Қор жайында кездейсоқ білдім. Университеттегі оқудың ақысы қымбат әрі мемлекеттік гранттардың бөлінбейтіні жайлы хабардар едім. Ақыры жолым түскесін, қабылдау комиссиясы өкілдерінің сөзін мұқият тыңдап, әуелі қабылдау тестісінен де өттім. Қабылдау комиссиясындағы ару университеттің кредиттік жүйесі туралы және оның еліміздің басқа университеттерінен артықшылықтарын атап жатты, бірақ бар естігенімнің

ішінде «Ержан Тәтiшев Қоры» және «қаржылық қолдау» деген сөз мені елең еткізді. Кешке жақын үйге жеткен бойда Қор сайты ашып, оның қызметі жайлы оқи бастадым. Өтінімдерді қабылдау уақыты аяқталмағандығын білген мен келесі күні керекті құжаттар тізімін құрастырып, оларды жинастыруға ата-анамнан көмек сұрадым да, дереу мотивациялық эссені жазуға кірістім. Мұғалімдер мен директор маған қуана-қуана ұсыныс хаттарын жазды, сөйтіп құжаттардың толық жинағы керекті орынға жеткізілді. Көп ұзамай бірінші айналымнан өткенімді және екінші кезеңнің Алматыда өтетінін білдім. Дегенмен, бәрі ойдағыдай бола бермейді: ерекше аттестатқа 2 ұлай жетпей қалып, мен «Алтын белгіден» айрылдым. Грантқа ғана сенім артқан мен өзіміздің КарГУ университетінің «туризм» мамандығына түсуге мәжбүр боламын деген ойда қалдым. Екінші айналымға барудың уақыты да жақындап қалды, гранттың аз екенін, ал бәсекенің жоғары болатынын біліп, үлкен сынға түсетінімді сезе қатты қобалжыдым. Ендігі бір сәтте мен қатысушылармен, қазылар алқасымен, Қор қызметкерлерімен бірге үлкен аудиторияда отырмын және дәл осы күн менің болашағымды шешетін ерекше күн екенін толықтай ұғынып отырмын. Мен өзімді еркін ұстап, бар білгенімді көрсетіп, ойнап-күліп қайтамын, бұйырғаны болар деп шештім. Сол күн есімде ерекше сақталып қалды, оның қаншалықты көңілді өткені және көзге түскен үміткерлер қатарына таңдалған кезде өзімді қаншалықты бақытты сезінгенім әлі есімде. Үйге қайтар жолда маған жақсы хабар келді. Мен жеңіске жеттім! Мен еліміздің ең үздік экономикалық университетіне грант алдым! Өзімнің қаншалықты бақытты болғанымды, ата-анамның, мені соңғы оқу жылы ішінде қолдаған достарым мен туыстарымның қалай қуанғанын айтып жеткізу қиын. Сол сәтте менің сол ашық күнге барғаным кездейсоқ емес, өмірімді бір сәтте түбегейлі өзгерткен шешуші оқиға екен деп ойлады. Қор маған студенттік шақтың ең бақытты төрт жылын сыйлады. Ата-анамның қамқорлығынсыз бөлек тұрып үйрендім, өз ісіңе жауапты болу керектігін білдім, еріктілік жобаларға ат салысып, мұқтаж адамдарға көмектесудің қажет екенін түсіндім, тіпті кітапханада түнеген кездерім де болды. Қормен орнаған тығыз байланыс маған білім алуға көмектесіп қана қоймай, жан-жақты дамуыма үлкен әсерін тигізді, өйткені Қор – бізге дұрыс жол сілтейтін, қателігімізді көрсететін, ілгері итермелейтін үлкен отбасы. Қазіргі кезде мен Үлкен Төрттіктің PriceWaterhouseCoopers атты компаниясында жұмыс істеп келемін және болашақта өз ісімнің үлкен маманы болуды армандаймын.]


[Менің Қормен таныстығым 2013 жылы басталды. Мен байқау іріктеуінен өтіп, Қазақ дене шынықтыру, туризм және сервис колледжінің «Дене тәрбиесі сабағының мұғалімі, жаттықтырушы» мамандығына түсіп, студент атандым. Қазірдің өзінде менің қанжығамда Паралимпиада ойындарынан алған жетістіктерім бар, атап айтсам: үстел теннисі бойынша Қазақстанның алты дүркін чемпионымын және үш дүркін қола жүлдегерімін, жүзуден Қазақстанның бес дүркін чемпионымын және Азияның күміс жүлдегерімін. Осы жетістіктеріммен тоқтап қалғым келмейді, болашақта өзімнің жеке залымның есігін ашып, үстел теннисін үйренгісі келетін жандарға өз білгенімді үйреткім келеді. Ең өршіл арманымның бірі – Қазақстанның атын шығарып, туымызды көкке желбірететін болашақ спортшыларды тәрбиелеу. Қазіргі сәтте мен Қазақстан құрамасына қосылып, елдің намысын қорғауды жоспарлап отырмын. Үлкен спорттан басқа көп үміт артатын қызығушылығым – музыка. Алғашқы концертімнен түскен табысымды анама бердім. Алдағы уақытқа көптеген жоспар құрып отырмын, іштей ниет, табандылық пен жақындарымның қолдауы болса, олардың орындалуына еш кедергі жоқ деп сенемін. Мен өзімді бақытты жанмын деп есептеймін – Айсер деген қызым және Айсұлтан деген ұлым бар. Қордың маған берген қолдауы мен білім алуға көмек бергені үшін алғысымды білдіргім келеді. Біздің қорымыз өсіп, гүлденіп, көптеген мүмкіндігі шектеулі балалар білім алып, болашақта үлкен жетістікке жете берсін!]



Азамат Оразбек
КазАСТ 2017 жыл түлегі

СТИПЕНДИАТТАР КЛУБЫ

Жоғары білім алып отырған Білім гранттары бағдарламасының білімгерлері әлеуметтік маңыздылығы бар іс-шараларға әр оқу жылы 192 сағат уақыттарын жұмсайды. Ерікті жобалардың басым бөлігі, яғни 31%-ы осал топтардың білім деңгейін көтерумен байланысты, 25%-ы – мәдени-ағартушылық, 22%-ы – гуманитарлық жобаларға, 14%-ы мақсатты топтардың денсаулығын жақсартуға, 4%-ы - спорттық білім беруге және қалған 4%-ы ақпараттық қолдауға бағытталған.



45

еріктілік жоба жүзеге асырылды



8 149

бенефициарға көмек көрсетілді



203 528

ерікті жобаға ат салысты



61 728 426

теңге жиналды



Ердулла Санжардың еміне қаражат жинау мақсатымен ұйымдастырылған қайырымдылық концерті, АлмаУ, 25.02.2017



Айкүнім Сайлаудың еміне қаражат жинау мақсатымен ұйымдастырылған «Игі істері» қайырымдылық жәрмеңкесі Тастақ ықш. ауд. мешіт, 21.04.2017



Жетіген ауылының жағдайы төмен отбасыларына қайырымдылық шарасы, KIMEP Open Hearts, 25.03.2017



Абитуриенттерге арналған кәсіби бағдарлау жобасы, «Достық» білім орталығы, СДУ, 26.03.2017



Спорт пен салауатты өмір салтын дәріптеуге бағытталған «Stars on Ice» жобасы Балуан Шолақ мұз айдыны, KASD, 20.03.2017 - 1.04.2017



Almaty Marathon 2017, Алматы қаласының әкімшілігі, 23.04.2017



«GoViral» мәдени-ағарту фестивалі Алматы қ.-ғы АҚШ Бас консулдығы, 16-18.06.2017



Мұхамедиярова Раминаның еміне қаржы жинауға бағытталған қайырымдылық жәрмеңкесі, «ДОС» Қайырымдылық ұйымы, Алмау, 28.08.2017



Мүмкіндігі шектеулі жасөспірімдер арасында өткен футбол сайысы, Special Olympics, 15.10.2017



«НҰР» балалар үйінің шәкірттеріне арналған дамыту сабақтары, Талғар қ.-сы, 30.09.2017



Дусқалиева Елизаветаның еміне қаражат жинауға бағытталған «LiterFlow» әдеби байқауы, «ДОС» Алмау, 25.11.2017




«Charity Wish Tree» қайырымдылық жобасы, «ДОС» Алмау, 20.09 – 31.12.2017



Алматы қ.-ның белсенді азаматтар форумы, 27.11.2017



Тірек-қимыл ақауы бар балаларға арналған №2 арнайы мектеп-түзету интернаты оқушыларына арналған ағылшын тілі сабақтары, 16.11.2017



Аружан Саин
«Добровольное Общество Милосердие» Директоры

【Ердулла Санжардың отбасының атынан үлкен алғыс білдіреміз! Кезінде бұл көңілді сәбидің өмірі қыл үстінде болғанын елестету қиын. Бүгінде ол 2,5 жаста, бәріміз Санжарға алдағы уақытты тек қана жақсылықтар тілейміз! 2016 жылы оған мидың қатерлі ісігі диагнозы қойылды. Диагнозында мидың сол жақ маңдай бөлігінің анапластическалық эпиндимомасы делінген. 2016 жылдың 30 қыркүйегінде Санжардың сол жақ маңдай бөлігіне ота жасап, кистозды ісікті алып тастады, содан соң ол химиотерапияның бірнеше кезеңінен өтті. Қайталап жасалынған МРТ ісіктің азайғандығын емес, керісінше 4 см-ден 9 см-ге дейін өскендігін байқатты. Бұндай нәтижеден кейін 2017 жылдың қаңтар айында баланы шетелде емдету керектігі жайлы шешім қабылданды. 17 қаңтарда Түркияның Стамбул қаласындағы MEDIPOL клиникасында ота жасалды. Ота сәтті өткенімен, өкінішке орай, ісік қатерлі болғаны анықталған соң, олардың радиациялық емге қалуға тура келді. Бүгінгі таңда Санжардың анасы Нұрқайдарова Айнұр қуантарлық бейнежазбалар жіберіп отыр! Өрқашан жақсылыққа сеніп, алға басу керек!

Санжардың еміне «Теңіз Сервис» ЖШС 1 500 000 теңге көлемінде ақша аударды. Ержан Тәтiшев Қорының білімгерлері, Алматы Менеджмент Университеті, КИМЭП, МУИТ және ҚБТУ сияқты университеттердің қайырымдылық концертiнен 281 100 теңге жиналды. Қалған ақша «Балаларға өмір сыйла» атты шарадан жиналған мейірімді жандардың жарналары есебiнен жиналды. Балалар мен олардың отбасыларының атынан барлықтарыңызға мың алғыс!]

Ержан Тәтішевтің арнайы шәкіртақы бағдарламасы 2008 жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Бағдарламаның мақсаты - ОҚО Кентау қаласындағы №16 мектеп-лицейінің белсенді оқушыларына қолдау көрсету. Әрбір оқу жылының басында, Қор 8,9,10,11-сыныптар арасында байқау жариялап, олардың арасынан беткеұстар жастарды іріктейді. Көшбесшылық үміткердің оқу үлгеріміне, пәндік жарыстардан алған жетістіктеріне және әлеуметтік белсенділігіне негізделе анықталады. Мәреге жеткендер білімгер атанып, бір оқу жылына тағайындалатын шәкіртақы алады. 2014 жылдан бастап шәкіртақы тек оқу озаттарына ғана емес, мектеп мәселелерін нақты әлеуметтік жобалар арқылы шешкісі келетін жігерлі жастарға беріледі. Үміткерлерді іріктеу барысында олардың өмірлік қағидалары, дағдылары, іштей талпынысы, мақсаттарға жете білу, өзіне талап қоя білу қабілеті ескеріледі.



8 қоқыс шелек мектепте, 4 – есік алдында орнатылды



3-кірістірілген сыныптың 12 оқушысына арналған 96 сабақ өтті



14 сыныптың 70 партасы жөнделді



21 ерікті жобаларға қатысты



10 А-сыныбының 15 оқушысы ЛІРТО ойынын меңгерді



8 отырғыш 4 гүл қойғыш мектеп дәлізіне орнатылды



9-сынып оқушыларына 24 дәріс 25 оқушының қатысуымен 2 қойылым өтті



2017 жылғы жобалар тазалық пен мектептегі тәртіп, сыныптағы эмоционалдық жағдаят, бос уақытты ұйымдастыру, білімге баулу және мүмкіндігі шектеулі балалардың бейімделуіне көмектесу сияқты мәселелерді шешуге бағытталған.

Жыл сайын мектепте сәуірдің 22-сінші жұлдызында Ержан Тәтішевтің туылған күніне орай Еске алу кешін өткізу дәстүрлі шаралардың біріне айналды. Бұл күні мектепте қала мектептері арасында спартакиада ұйымдастырады. Ержан Тәтішевтің 50-інші мерейтойы қарсаңында «А я просто живу» атты мәнерлеп оқу сайысы, волейбол, шахмат, оқпен ату турнирлері, сурет байқауы, интеллектуалды ойын сияқты іс-шаралар өтті. Қор аталмыш мектептің жабдықтауын да жақсартуға көмектеседі – 2017 ж. мәжіліс залына жалюзи перделері алынды.



2017 жылдың сәуірінде Ержан Нүрелдайымұлы Тәтішев 50 жасқа толар еді. Осыған орай «Четыре облака» атты кітаптың тұсаукесері ұйымдастырылды. Қазақтар кім? Өткен заманда олар қандай еді? Олардың ұлттық болмысының қалыптасуына не өзек болды? Ержан Тәтішев сияқты топты жарып шыққан бүгінгі заман көшбасшылары нендей идеалдардан сусындады? Еркін Тәтішев пен Ержан Тәтішевтің анасы, Ұлтай Шомашеваны толғандырған осы сауалдар кітапта сипатталған зерттеудің басты идеясына айналды. Жобаға танымал зерттеуші, мәдениеттанушы, Зира Наурызбаева шақырылды, «Аспандау» Ғылыми Білім беру Қоры кітаптың жарыққа шығуына көмектескен жоба серіктесі болды. Кітап қазақ тарихында ерекше орын алған бірегей қазақ тұлғалары туралы очерктер жинағынан құралады және Қобыланды батыр, Қаракерей Қабанбай, Кет-Бұға, Тәттімбет, Дина, Құнанбай, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов сынды түрлі дәуір тұлғалары жайында баяндайды. Кітап тарихта танымал тұлғалардың өмірі мен істері туралы, сонымен қатар елеусіз қалған қазақ біртуарлары жайында әңгімелей отырып, ұлтымыздың қалыптасуына негіз болған қазақ мәдениетінің феноменін аша түседі.



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП

2017 жылы Қордың бюджетінің 66,64% -ы 26 697 166,49 теңгені құрайды, бұл сомма Білім гранттары бағдарламасына жұмсалды. 11 073 962 теңге немесе жалпы бюджеттің 27,64 пайызы демеушілік жобалар болып табылады. Кентау қаласындағы жастар бастамаларын қолдауға 1 152 888 теңге, баламалы 2,88%. 1 137 421 теңге, Қордың бағдарламаларын қолдау үшін 2,84% тең.

